

2008 жылғы 11 наурыздағы аудандық мәслихатының № С-7-4 шешімімен бекітілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді ұстаудың (жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа) және коммуналдық қызметті тұтынудың төлеміне тұрғын үй көмегін көрсетудің Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 наурыздағы № 13С-17-3 шешімі. Ақмола облысы Жақсы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 4 мамырда № 1-13-89 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 4 ақпандағы № с-24-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2010.02.04 № с-24-5 шешімімен

P K A O е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық пунктуация және орфография сақталған

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабының 1 тармағына сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мақсатында аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТИ:

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 11 наурыздағы № С-7-4 шешімімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-13-71 тіркелген, 2008 жылдың 18 сәуіріндегі № 15 «Жақсы жаршысы» аудандық газетінде жарияланған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді ұстаудың (жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа) және коммуналдық қызметті тұтынудың төлеміне тұрғын үй көмегін көрсетудің Ережесіне төмендегі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 4 тармақта «күтімге мұқтаж деп табылған» сөзінен кейін «16 жасқа толмаған мүгедек-балаларға» сөзімен толықтырылсын;

2) 5 тармақта «АҚ филиалы» сөзі «Ақмола облысы акционерлік қоғамы филиалының аудандық пошта байланыс торабы» сөздерімен ауыстырылсын;

3) 7 тармақтың 1 жолы төмендегідей баспада баяндалсын:

«Отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тоқсан сайын тағайындалады. Есептеу ағымдағы тоқсанға жүргізіледі, отбасының кірісі және коммуналдық қызмет шығыны өткен тоқсанға есептеледі. Коммуналдық тұрғын үйде тұратындар үшін шығын нақты төлеген төлемі бойынша одан эрі қайта есептеу есебінен жоспарлы есептеледі, жеке үй құрылыштарында тұратындар үшін үйден жылыштылатын отын шығыны тұрғын үйдің әлеуметтік мөлшеріне келісімді 1

квадраттық метрге 49,75 килограмм көлемінде есептеледі, алайда жылына отбасыға бес тонна көмірден артық емес. Көмірдің құнын есептеу үшін тұрғын үй көмегін алдағы тоқсанға тағайындау өткен тоқсандағы Жақсы ауданының статистика бөлімінің ұсынған аудан бойынша орта бағасы пайдаланылсын. Көмірді сатып алушың мерзімділігіне байланысты тұрғын үй көмегін есептегендеге тұрғын үйдің (көмір бағасын) барлық әлеуметтік шығын шамасын өтініш берген тоқсанның үш айы есепке алынсын. Үйден жылдытылатын жеке үй құрылышы үшін пайдаланылатын басқа отынның шығыны мен бағасының шамасы, тұрғын үй көмегін есептегендеге көмірдің шығыны мен бағасы шамасының баламасында есептелсін»;

4) 8 тармақтың 4 тармақшасындағы «пәтер» сөзі «тұрғын үй» сөзімен ауыстырылсын;

келесі мазмұндағы 4-1) тармақшасымен:
«жеке меншік құқығындағы тұрғын үй бірлігінің саны туралы ақпараттық анықтама»;

келесі мазмұндағы 5-1) тармақшасымен:
«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Ақмола облысы Әділет департаменті Жақсы ауданының әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі берген № 4 формадағы анықтамамен (жалғыз басты аналар үшін)» толықтырылсын;

3 тармақшаның жаңа жолындағы «үш күн ішінде» сөзі алынып тасталсын;

5) 12 тармақтың 4 тармақшасы «азаматтардың тегін және жеңілдікпен протездеуге бару жолының ақысы, азаматтарды протездеу кезінде ұстау, емделуге тұрғылықты жерден тыс жерлерге баруга тегін немесе жеңілдікпен жолақысын төлеу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заттай көмек түрлері, протезді-ортопедиялық өнімдер (дайындау және жөндеу), емделу орнына дейін жеңілдікпен жету жолын, қозғалу құралдары (кресло-арбалар) және мүгедектерге бөлінген оналтудың басқа құралдары, білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру» сөздерімен толықтырылсын»;

9), 10), 11), 12) тармақшалары алынып тасталсын;

6) 17 тармақтың 3 тармақшасында «балалары» сөзі «анасы» сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім Жақсы ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланған (күнінен) бастап қолданысқа енгізіледі.

Жақсы аудандық мәслихаттың
он жетінши, кезектен тыс
сессиясының төрағасы Ұ.Шакеев

мәслихатының хатшысы
КЕЛІСІЛГЕН:

әкімі

бастыры

бастыры

Жақсы аудандық
М.Ыбыраев

Жақсы ауданының
И.Қабдуғалиев

«Жақсы ауданының
экономика және бюджеттік
жоспарлау бөлімі» ММ

К.Дүзелбаев

«Жақсы ауданының жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі» ММ
Л.Сейдахметова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК